КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 20 мамыр №4360-26-00-2/582 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.М.Бегимбаевтың,
хатшылықта А.Жақыпбек болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы аудио-бейнежазба қолданылған ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Гульшат Амангельдиевна Махамбетова

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Жосықсыз өнім беруші деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілдері А.Қуандық, Б.Орынбеков, Д.Орманбек
Жауапкердің өкілі А.Маликова
Үшінші тұлға - «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілдері М.Джургенбаева, Қ.Ысқақов
Үшінші тұлға - Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілі Н.Сұлтанқызы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы 17 қарашада Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (Бұдан әрі - Басқарма) № 15707504-1 «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№257 орта мектебі» КММ үшін балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша конкрус ұйымдастырылған.

Конкурс қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес, жеке кәсіпкер «Жубатканова» жеңімпаз болып танылған.

2026 жылғы 20 қаңтарда конкурс нәтижесімен келіспеген жеке кәсіпкер Махамбетова Гульшат Амангельдиевна (Бұдан әрі - Кәсіпкер) басқармаға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы шағым беріп, 2026 жылғы 22 қаңтардағы басқарманың шағымды қарау нәтижесімен қанғаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданған.

Мұнымен келіспеген кәсіпкер Қызылорда облысының мамандандырылған ауданарылық әкімшілік сотына шағымданған.

Аталған әкімшілік істі сотта қарау барысында осы іске үшінші тұлға ретінде тартылған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы (Бұдан әрі - Кірістер басқармасы), кәсіпкердің конкурсқа ұсынған 2022 жылғы 12 желтоқсандағы №ESF-631026401086-20221212-22602112 электронды-шот фактурасы (Бұдан әрі - ЭШФ) ақпараттық жүйеде тіркелмегендігін анықтаған.

Кірістер басқармасының мәліметіне сәйкес, кәсіпкер шот-фактура мәртебесі 2023 жылғы 8 ақпанда «Кері қайтарылған» мәртебесіне өзгертілген.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2026 жылғы 3 наурыздағы шешімімен кәсіпкердің әкімшілік талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылған.

Соттың шешімінің уәждеу бөлігінде, кәсіпкердің даулы конкурсқа жіберілмеу керек болғандығы бекітілген.

Осыған орай, басқарма конкурсқа қатысу барысында біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген деген негізбен кәсіпкерді жосықсыз өнім беруші деп тану туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

2026 жылғы 27 наурыздағы соттың ұйғарымымен талап қою сот өндірісіне қабылданып, азаматтық іс қозғалып, іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған.

2026 жылғы 16 сәуірдегі соттың ұйғарымымен азаматтық іс талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қаралуға өткен.

Кәсіпкер сотқа ұсынған жазбаша пікірінде, талап қоюмен келіспей, 2011 жылдан бастап «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі» ККМ-де балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметін атқарып келгенін, 18 қаңтар 2022 жылы Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі мен Г.Махамбетова араларында «Аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметіне» №1 шарты жасалып, 31 желтоқсан 2022 жылға дейін қызметін көрсетіп, бөлінген ~~25 389 971, 93~~ теңге толығымен игерілгенін, 18 қараша 2022 жылдан бастап, салық органының бастамасымен Г.Махамбетова қосымша құн салығы төлеуші қатарына

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

4360-26-3-1/633

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тіркелгенін, 30 қараша 2022 жылғы айналымға №43 қызметті атқару актісіне қатысты ЭШФ-ға қосымша құн салығы көрсетілмей жазылып кеткендіктен ЭШФ-ға 8 ақпан 2023 жылы түзету енгізіп, дәл сол кезеңге, сол сомаға және дәл сол шарт бойынша, тек қосымша құн салығымен толықтырылған № ESF-631026401086-20230208-247040853 электрондық шот фактура түзеткенін, № ESF-631026401086-20230208-247040853 электрондық шот фактураның 4.3. тармағының тіркеу нөмерінде ЭШФ-ны көрсеткенін, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 5 наурыз 2026 жылғы №ЖТ-2026-00957786 хатымен өз дәлелін тапқанын, атап айтқанда 08 ақпан 2023 жылы № ЭСФ-631026401086-20221212-22602112 электрондық шот-фактураға түзетілген № 631026401086-20230208-247040853 шот-фактура шығарылғанын, ол «ESF» ақпараттық жүйесінде жарамды күйінде «Түзетілген» деп көрестілген, электрондық шот-фактураның берілген күні 8ақпан 2023 жылы, айналым уақыты 30 қараша 2022 жылы күйінде дұрыс екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Үшінші тұлға - «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі сотқа ұсынған жазбаша пікірінде, дара кәсіпкер Махамбетова Гульшат Амангельдиевна 5 наурыз 2026 жылы Басқармаға №ЖТ-2026-00957786 «Е-Өтініш» бағдарламасы арқылы арызын жолдағанын, арызда, 2022 жылға жазылған №ESF-631026401086-20221212-22602112 электронды шот-фактураның (әрі қарай - ЭШФ) 8 ақпан 2023 жылы жойылып, орнына №ESF-631026401086-20230208-24040853 түзетілген ЭШФ жазылғандығы туралы нақтылауды сұрағанын, Басқарма тарапынан, арызға айналым жасаған күні 30 қараша 2022 жыл, ЭШФ жазылған күні 12 желтоқсан 2022 жыл №ESF-631026401086-20221212-22602112 шот-фактурасы «ESF» ақпараттық жүйесінде (әрі қарай - АЖ) «CANCELED» (жойылған-удалено) әрекетсіз мәртебесінде нақты көрсетілгендігі және осы ЭШФ-ға 8 ақпан 2023 жылы, айналым жасаған күні 30 қараша 2022 жылы түзетілген №ESF-631026401086-20230208-24040853 ЭШФ жазылып, «ESF» АЖ-де «DELIVERED» (жеткізілген-доставлено) «FIXED» (түзетілген-исправлено) әрекетті мәртебесінде нақты көрсетілгендігі туралы жауабы «Е-Өтініш» бағдарламасы арқылы жолданғанын, дара кәсіпкер Махамбетова Гульшат Амангельдиевна тарапынан 12 желтоқсан 2022 жылғы жазылған №ESF-631026401086-20221212-22602112 электронды шот-фактурасы бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес әкімшілік шара қолданылмағанын, талап қою бойынша шешім шығаруды сот құзырына қалдыратынын көрсеткен.

Үшінші тұлға - Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен талап қоюға жазбаша пікір сотқа түспеді.

Сот отырысында, талап қоюшы өкілдері А.Қуандық, Б.Орынбеков, Д.Орманбек талапты қуаттап, талап қоюда келтірген уәждерін келтіріп, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында, жауапкер өкілі А.Маликова, жазбаша пікірде келтірген уәждерін айтып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында, кірістер басқармасы өкілі М.Джургенбаеваның жазбаша пікірде келтірген уәждерін, өкіл Қ.Ысқақов бір айналым бойынша екі электронды шот-фактура жазылуы салық төлеушіге еселенген салықтық міндеттеменің пайда болуына алып келетіндіктен, бастапқы ЭШФ жойылуға жатады деп толықтырып, талап қою бойынша шешім шығаруды сот құзырына қалдыратындықтарын айтты.

Сотта, үшінші тұлға - Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (Бұдан әрі - №173 орта мектеп) өкілі Н.Сұлтанқызы кәсіпкермен араларындағы шартқа сәйкес қызметтер толық көлемде көрсетілгенін, өзара алыс-беріс толық жасалғанын, көрсетілген қызмет сапасына қатысты кәсіпкерге қоятын талап-тілегінің жоқтығын көрсетіп, шешім шығаруды сот құзырына қалдыратынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 599 бұйрығымен «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары» (Бұдан әрі - Қағида) бекітілген.

Қағидада, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру тәртібін айқындалған.

Тізбе осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырылады және конкурс жеңімпазы деп танған жағдайда шарт жасасудан жалтарған; олармен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған; біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген өнім берушілер (әлеуетті өнім берушілер) туралы мәліметтерді қамтиды.

Қағиданың 5-тармағында конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

4360-26-3-1/633

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды беруші (әлеуетті берушінің) тарапынан бұзушылық фактілерін білген күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жосықсыз өнім беруші деп тану туралы сотқа жүгінетіні көрсетілген.

Ал, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Қағиданың (Бұдан әрі - №598 қағида) 52-тармағында «Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін өтінім ретінде қарайды делінген.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 493-бабының 6-тармағына сәйкес, түзетілген шот-фактура осы Кодекстің 499-бабының 1-тармағында көзделген жағдай басталған кезде жазып беріледі.

Салық кодексінің 499-бабының 1-тармағына сәйкес, түзетілген шот-фактура бұрын жазып берілген шот-фактураға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіні және (немесе) алушыны ауыстыруға алып келмейтін қателерді түзету қажет болған жағдайда жазып беріледі.

Түзетілген шот-фактура жазып берілген кезде бұрын жазып берілген шот-фактураның күші жойылады, қосымша шот-фактуралар болған кезде олардың да күші жойылады.

Іс құжаттарына қарағанда, кәсіпкер мен №173 орта мектебі араларында Аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі бойынша 2022 жылғы 18 қаңтардағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы №1 шарты жасалған.

Кәсіпкер 2022 жылғы қараша айына көрсетілген қызметтер үшін 3 133 492,17 теңгеге орындалған жұмыстардың актісі мен ЭШФ ұсынған.

№173 орта мектебі 2022 жылғы 12 желтоқсандағы №2617715/22-1026 төлем есебі негізінде аталған соманы толықтай кәсіпкерге аударған. Төлем есебінің төлем тағайындауында ЭШФ көрсетілген.

Кәсіпкер мен №173 орта мектебі араларында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Бұдан әрі - АК) 393-бабының 1-тармағымен көзделген шарттың барлық елеулі ережелері бойынша келісімге қол жеткізіліп, 272-бабымен көзделген міндеттемелер тиісті түрде орындалған.

2022 жылғы 18 қарашадан бастап салық органының бастамасымен кәсіпкер қосымша құн салығын төлеуші ретінде есепке қойылған.

Одан кейін кәсіпкер, 2022 жылғы 30 қарашадағы айналымға №43 қызметті атқару актісіне қатысты ЭШФ-ға 2023 жылғы 8 ақпанда қосымша құн салығын көрсетіп түзетіп № ESF-631026401086-20230208-247040853 электрондық шот фактурасын енгізген.

2023 жылғы 8 ақпандағы № ESF-631026401086-20230208-247040853 электронды шот-фактурасының 4-тармағында түзетілген (исправленный), 4.1-тармағында күні 2022 жылғы 12 желтоқсан, 3,32.2-тармақтарында айналым

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

4360-26-3-1/633

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жасалған күні 2022 жылғы 30 қараша, 4.2,32.1-тармақтарында көрсетілген қызметті растайын құжат нөмірі 43, 4.3-тармағында ЭШФ - деп көрсетілген.

Аталған 2023 жылғы 8 ақпандағы № ESF-631026401086-20230208-247040853 электронды шот-фактурасы арқылы ЭШФ-ға түзету еңгізілгендігі, ЭШФ-мен салыстырғанда тек қосымша құн салығы есепке алынғандығы, ал көрсетілген қызметті растайтын құжатқа, жасалған күніне, айналым кезеңіне, қызмет көрсету сомасына қатысты айырмашылық жоқтығы нақты көрінеді.

Демек, 2023 жылғы 8 ақпандағы № ESF-631026401086-20230208-247040853 электронды шот-фактурасы арқылы ЭШФ-ға қосымша құн салығы көрсетіліп түзету еңгізілген.

Өз кезегінде, 2023 жылғы 8 ақпандағы № ESF-631026401086-20230208-247040853 электронды шот-фактурасымен түзету еңгізілгендіктен ЭШФ-ның жойылуға жататындығы жоғарыда аталған Салық кодексінің талаптарына сәйкес келеді.

Мұнымен қоса, үшінші тұлға кірістер басқармасы өкілі Қ.Ысқақовтың сотқа берген бір айналым бойынша екі электронды шот-фактура жазылуы салық төлеушіге еселенген салықтық міндеттеменің пайда болуына алып келетіндіктен, бастапқы ЭШФ жойылуға жатады деген түсіндірмесі Салық кодексінің талаптарымен үйлеседі.

№598 қағиданың 7-қосымшасының (көрсетілетін қызметті жеткізушіні таңдау өлшемшарттары) ескертпесінде 1-тармақ бойынша конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы бір қатар құжаттармен қоса міндетті түрде ЭШФ-мен расталатыны айқындалған.

Демек, қағида талаптарына сәйкес, жұмыс тәжірибесі міндетті түрде ЭШФ-мен расталуы тиіс.

Ендігі тұста, бір айналым бойынша бір-бірінен айырмашылығы жоқ, артықшылығы (басымдылығы) байқалмайтын 2023 жылғы 8 ақпандағы № ESF-631026401086-20230208-247040853 электронды шот-фактурасының орнына кәсіпкер, конкурс бойынша неғұрлым жоғары балл жинау мақсатында ЭШФ-ны ұсынды деу қисынсыз.

Сонымен қатар, сот, бұл жағдайда кәсіпкердің әрекетіне де баға берілуі тиіс деп санайды.

Кәсіпкер, ЭШФ-ны 2022 жылғы 12 желтоқсанда рәсімдеп, 2023 жылғы 8 ақпанда қосымша құн салығын көрсетіп түзету еңгізеді. Бұл әрекеті өзіне қандай да бір артықшылық алу мақсатымен конкурс жарияланған уақытта немесе конкурс барысында емес, конкурсқа дейін бірнеше жыл бұрын орын алған яғни әдейі, біле тұра жалған құжат ұсынды деуге келмейді.

Жалпы кәсіпкер конкурсқа ЭШФ-мен бірге 2022 жылғы 18 қаңтардағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы №1 шарты мен орындалған жұмыстардың актілерін ұсынған.

Талап қоюшы өзінің уәждерін ЭШФ-ның күші жойылғандығына негіздегенімен, жалпы қызметтердің көрсетілгендігін жоққа шығара алмады, шарт пен орындалған жұмыстардың актілері дауланбаған.

Бұдан бөлек, 2026 жылғы 20 мамырдағы сот отырысында талап қоюшы өкілі Д.Орманбек, кәсіпкердің аталған конкурстан басқа төрт конкурсқа қатысып, жұмыс тәжірибесі ретінде осы ЭШФ-ны ұсынып, оның үшеуінде

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

4360-26-3-1/633

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жеңімпаз болып танылғанығын көрсетсе, 2026 жылғы 6 мамырдағы сот отырысында талап қоюшының өкілі Б.Орынбеков кәсіпкердің ол кезеңдегі жұмыс тәжірибесі орындалған жұмыстардың актілері қағаз жүзінде рәсімделгендіктен есепке алынбағандығын көрсеткен болатын.

Демек, даулы ЭШФ-ның кәсіпкердің конкурс бойынша жұмыс тәжірибесі бойынша қажетті баллдарын алуға әсері болмаған.

Сот, азаматтық істі қарау барысында ЭШФ-ға қатысты кәсіпкердің әрекеттерінің хронологиясына қарай отырып, бұл оның конкурстық өтінімді рәсімдеу барысында 2023 жылғы 8 ақпандағы № ESF-631026401086-20230208-247040853 электронды шот-фактурасының орнына ЭШФ-ны қателесіп ұсынған деп санайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (Бұдан әрі - АПК) 6-бабының 5-бөлігіне сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

АК-нің 8-бабының 4-тармағының талабына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Істің бұл тұрғысында, кәсіпкердің жіберген қателігі үшін, әдейі шындыққа сәйкес келмейтін, дұрыс емес ақпарат берді деу заңды әрі негізді деп тануға жатпайды.

Сондықтан, сот, талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырудан бас тартуға жатады деген тұжырымға келді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Гульшат Амангельдиевна Махамбетованы жосықсыз өнім беруші деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **Р.М.Бегимбаев**

Құжатқа қол қойылған: Бегимбаев Р. М., 28.05.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»